



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІН ЦИФРЛАНДЫРУ
ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Сейтова Айгерим Бадыкеновна
Seitovaaigerim98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Құқықтану мамандығының
2-курс студенті, Астана, Қазақстан. Ғылыми жетекші – з.ғ.к., доцент Ашимова Э.А.

21 ғасыр технологияның өте қарқынды дамып келе жатқан дәуірі екенін күнделікті тұрмыстан да, әлем жаңалықтарында жарыса жарияланып жатқан ғылыми жетістіктер мен өнертабыстардан-ақ аңғаруға болады. Осы тұрғыдан қазіргі қоғамда туындап отырған өзекті мәселелердің бірі осындай жаңашылдықтарды жатсынбай, оларды пайдаға асырып, заман ағымынан қалмай, бәсекеге қабілетті болу қазіргі әлемдік саясат аренасындағы кез-келген мемлекеттің басты мақсаты екені сөзсіз. АҚШ, Қытай, Ресей сияқты мемлекеттер қазіргі таңда айтылып отырған ғылымның жетістіктерін өздері жасауда және өз мақсаттарына тиімді пайдалануда. Бүгінгі заман ғылым, білім, технология игере білгеннің сөзі өтетін заман, бұл заңдылық сонау Шыңғысхан дәуірінен келе жатқанын тарихтың ақтандақ беттерінен аңғаруға болады. Еліміз де осы заман ағымынан қалмау үшін және алпауыт мемлекеттермен терезесі тең болуы үшін технологиялық жетістіктерді өз мақсатына тиімді пайдалана білуі тиіс. Технологияның қазіргі қоғамдағы кең қолданылып отырған түрі ақпараттануды, қызмет көрсетуді тез әрі қолайлы жүзеге асыратын интернет желісі арқылы қоғамның әр саласын цифрландыру болып табылады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз адамзатты бір желіге кіргізумен, басқа да үлкен мүмкіндіктерімен сипатталатын ғажайып әлем десек болады. Цифрландыру экономика, ауыл шаруашылығы, құқық т.б көптеген салаларда тиімді қолданылуда. Бірақ құқықтық функцияларды цифрландырумен ұштастыру қазіргі заман талабы болып тұр. Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасында төрт бағыт бар, төртінші бағыт цифрландыру негізінде мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру деп көрсетілген [1]. Және рухани жаңғыру бағдарламасында да басты бағыттардың бірі ретінде алынған. Мемлекеттік органдар жұмысын цифрландыру бағытының бұл бағдарламаларда көрініс табуы, оның қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Егер Қазақстанның КСРО құрамында болып жаһандық технологиялар дамуынан 50 жылға артта қалғанын ескерер болсақ аталған бағдарламалар әлі де жеткіліксіз. Азаматтардың құқықтарының қорғалуы мен мемлекеттік органдар қызметі тығыз байланыста болуға міндетті, ал ол байланысты орнатудың ең тиімді жолы осы саланы цифрландыру. Дегенмен әлемдік цифрландыру көшіне ілесеміз деп, халық бұл жаңғыруға дайын ба, мемлекет цифрландыруға қажетті жағдайларды жасай алды ма, және азаматтардың құқықтық санасы цифрландыруды осы салада жүзеге асыру деңгейіне жетті ме осы мәселелер Қазақстандағы мемлекеттік органдар жүйесін цифрландырудағы негізгі мән берілуге тиіс сұрақтар болып табылады.

Жалпы, Қазақстанда ақпараттық технологияларды мемлекеттік секторға ендіру жұмыстары осыдан он жыл бұрын сәтті басталған. Оған мысал келтіруге болады, ол – «eGov» жүйесі немесе Қазақстанның электронды үкіметі. Дәл осы жүйенің көмегімен бүгінде жүздеген операцияны компьютер алдында отырып-ақ жүргізе аласыз. Құжат ресімдеу, коммуналдық қызмет түрлері, салық, айып-пұл, сақтандыру және өзге де қызмет түрлерін үйде отырып төлеуге кез келген қазақстандықтың мүмкіндігі бар. Бұл істер алдағы кезде одан әрі жетілдіріле түседі [2]. Egov жүйесі мемлекеттік органдарда көрсетілетін кейбір қызметтерді қамту арқылы азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға деген мүмкіндіктерін жеңілдетті, дегенмен бұл жүйе негізгі адам құқықтарын қорғау саласында жетекші рөл атқара алмайды, және де оның қолданушылары тек қана интернет қол жетімді аумақтарда қолдануды меңгерген сауатты тұлғалар ғана өз пайдасына асыра алды, ал қарапайым халыққа одан үлкен пайда болды деп айту қиын. Себебі егер

Қазақстанда халықтың 49 пайызы ауыл-аймақтарда тұратынын ескерсек және ол аумақтар жеткілікті деңгейде интернет желісімен қамтылмауын да ескерсек бұлай айту орынды болады.

2017 жылғы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12 желтоқсандағы № 827 қаулысына сәйкес бағдарламаның 3.2 бөлігі Мемлекеттік органдардың қызметін цифрландыруға арналған. Бағдарлама бойынша мемлекеттік басқаруды цифрландыру: цифрлық құжат айналымы, digital by default және digital first қағидаттары, тиімсіз процестерді қайта қарау. Бұл логикада өзін-өзі цифрландыру сервистердің барлық спектрін қамтиды: мемлекеттік құрылымдардың ішкі өзара іс-қимылы - G2G, азаматтармен өзара іс-қимылы - G2C, бизнеспен өзара іс-қимыл - G2B[3]. Қазір әлемде мемлекеттік органдарын цифрландыру процесі әлемдегі көптеген елдерде қарыштап дамып келеді. Және сол арқылы бұл мемлекеттер жыл сайын бюджеттен үлкен көлемде қаржы үнемдейді. Қаржы үнемдеу цифрландырудың пайдалы жағының тек қана бір бөлігі ғана. Құқықтық секторды дамытуға аса көңіл бөлген елдердің бірі Дания болып табылады. Әрине Дания цифрландыру жағынан Қазақстанға қарағанда біраз алға кеткен. Олардың жүйелерінен еліміздегі мемлекеттік органдар қызметін цифрландыруда болашақта үйренетін нәрселер жетелік.

Дания мемлекеттік органдарды цифрландыруды белсенді инвестициялайды. Қазіргі уақытта әрбір азаматтың және әрбір бизнестің жеке кабинеті бар, ол арқылы нақты уақыт режимінде мемлекеттік органдармен тілдесу жүреді. 2015 жылдан бастап барлық азамат мемлекеттік органдармен тек интернет арқылы тілдесуге міндетті (Данияда үй шаруашылығының 95%-ның интернетке қолжетімділігі бар), әр азамат цифрлық паспортқа (digital ID) ие), ал барлық мемлекеттік органдар мен муниципалитеттер бірыңғай кабинет арқылы барлық ведомствомен өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін бірыңғай желімен байланыстырылған. Бизнес коммуникациядан басқа интернет арқылы барлық операцияларды орындауға, үзінділерді алуға, салықтарды төлеуге және есептерді жіберуге мүмкіндігі бар (электрондық түрде құжаттарды жіберу және қабылдау қағаз түрінде жіберген 5 күнмен салыстырғанда 5 минутқа созылады). Мұндай жүйе жыл сайын бюджеттің 10-20%-ын үнемдеуге мүмкіндік береді [4].

Дания елінің тәжірибесі құқықтық тұрғыдан цифрландыруды жүзеге асыруда бірінші орында бағдарламалар емес мен олардың халыққа қол жетімділігі, түсініктілігі, жүзеге асу мүмкіндіктері саралану қажет. Олай болмаған жағдайда бұл бағдарламалардың қаржылық тұрғыдан пайдасына қарағанда шығыны көбірек болады деген қорытындыға келуге болады.

Адам құқықтарының қорғайтын, заңдылықтың қамтамасыз етілуін қадағалайтын мемлекеттік органдар өзінің жазалау функциясы арқылы жүзеге асырады. Бүгінде әртүрлі әлеуметтік желілер, виртуалды сайттар арқылы азаматтардың жеке басына қатысты ақпараттарға қол сұрғу, өзге конституциямен бекітілген құқықтарын бұзу, қаржылық қылмыстар өршіп тұр. Оларды тиісті дәрежеде жазалау көп жағдайда мүмкін болмай отыр, себебі елімізде тіпті кейбір интернет арқылы жасалатын қылмыстарды түсіндіретін нормативтік-құқықтық актілерді таппаймыз, және қылмыс дәлелденгенмен де қылмыскерлерді жазалау, табу өте үлкен қиындық тудырады. Осыдан мемлекеттік органдар қызметін заман талабына сай тез арада жетілдіру қажет. Бүгінде Ресейде мемлекеттік қызмет жүйесін цифрландыру мәселесі алға қойылған негізгі міндеттердің біріне айналған. Жүйені жасауда Ресей Финляндияның мемлекеттік басқаруға IT технологияларды енгізудегі 2011-2014 жылдарға жасалған бағдарлама тәжірибесіне сүйеніп отыр. Финляндияда микроэлектрондық технологияларды біл және оларды өз құқықтарын жүзеге асыруда пайдалану қалыпты жағдайдағы білім негізі болып табылады, яғни әр азамат одан хабардар. 2011 жылы қабылданған бағдарламалары бойынша жергілікті және орталық мемлекеттік билікті дамыту мақсатында және азаматтардың жасына, қоғамдағы орны байланыссыз өз құқықтарын талап етуін қамтамасыз етті. SADE деп аталған бұл бағдарлама негізгі үш принципке негізделіп құрылған:

1. Жалпыға ортақ бір интернет портал барлық мемлекеттік қызметтерге қол жетімділік.
2. Барлық керекті ақпараттарды, қажетті құжаттарды, рұқсатнамаларды тез арада алуға мүмкіндік туғызатын портал.
3. Азаматтық қоғам институттары мен билік органдары арасында ашық әңгіме жүргізе алатын ортақ интернет-аккаунт ашу.

Нәтижесінде екі маңызды жетістікке ие болуға болады:

1. Халықтың тұрғылықты жеріне байланыссыз қажетті қызметті дер кезінде алуы, мемлекеттік органдардағы ұзын сонар кезектерден құтылуға болады.

2. Азаматтық қоғамның құқықтық санасы мен белсенділігін, мемлекетке деген сенімін күшейтеді, бюджет қаржысын үнемдеуге болады [5].

Ресей қолдануды көздеп отырған Финляндияның мемлекеттік органдар қызметін цифрландырудың негізгі принциптері мен жүзеге асу амалдары жеткілікті деңгейде жүзеге асқан. Құқықтық тұрыдан жетілдіру бағытында Ресей 2011 жылы 6 сәуірде “ Об электронной подписи” федералды заңы қабылданған [6]. Бұл жердегі ең маңызды біздің елде әлі даму үстіндегі сала ол барша халықтың компьютерлік-цифрлық технологияларды қолданудағы сауатының төмендігі болып отыр. Жоғарыда айтып өткен адам құқықтарын қорғау мақсатында қылмыспен күрес жүргізу үшін іс-жүргізу саласына да цифрлы технологияларды қолдану тиімдірек. Осы бағытта 2018 жылдың 20 ақпанда Еліміздің Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 «Шағымдарды қабылдау және тіркеу, қылмыстық құқықбұзушылықтарды хабарлау, сотқа дейінгі іздестіру жұмыстарын ортақ желіге тіркеу» (Единый Реестр досудебных расследований) туралы бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Енгізілген өзгертулер мен толықтырулар бойынша қылмыстық іс-жүргізуге қатысатын кез-келген адамға хабарлама жіберу қажет жағдайда ортақ номер 1414 арқылы SMS хабарлама сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіліміне (ЕРДР-ге) жіберіледі. Нақты азаматтың қылмыстық іске қатысуы туралы SMS- шақырту хабарламасы сот ісіне қатысты жіберілетін болады. Қазіргі кезде жүзеге асып отырған шағымдарды электронды форматта қабылдау азаматтардың еш қиындықсыз кез-келген мәселе бойынша мемлекеттік органдарға жүгіне алатынын көрсетеді. Әрбір азамат үшін қолжетімді болса, SMS хабарлама арқылы қылмыстық сот ісін жүргізу мемлекеттік қызметкерлердің жұмысын жеңілдетеді сонымен қатар, осы салада болып тұратын қызметкерлердің жұмысына салғырт қарауы, мүдделі тұлғаның қылмыстық іс-жүргізудің іске асуынан хабардар болып отыруы өте тиімді, және мемлекеттік органдарда орын алатын сыбайлас-жемқорлық проблемасының түйінін шешуге үлкен көмегі бар. Ары қарай қылмыстық сотқа дейінгі барлық процессуалды құжаттар мен мәліметтер кезекпен осы істі жүргізуші лауазымды қызметкермен қаулыға тіркеліп отырады, қолданушы онымен қалаған уақытында таныса алады. Қаулы екі бөлімнен тұрады және герде сотқа өтініш беру керек болса осы жүйеде Е-2, Л-2 электронды форматтарында сейкесінде электронды өтініш беру жүзеге асырылады. Өтініштің сотта қаралу тулаы шешімі автоматты түрде ЕРДР-ға шығатын болады. Жалпы енгізілген өзгерістер осы тәртіппен жұмыс жасауды көздейді, қылмыстық іс-жүргізу саласындағы бұл цифрландыруға толық көшу үшін осы бағытта жұмыс жасайтын қызметкерлерді және азаматтар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек. Мемлекеттік органдардағы қағазбастылық басты проблематика болып тұрған кезеңде, электронды жүйеге өтудің тиімді тұстарын айқындау керек. Заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі, олардың бәрі осы саланың мамандары арасында ғана қалып қойып отыр, көп жағдайда түсіндірудің аздығынан, халықтың оның маңызын түсінбегендігінен, айтылған нәрсенің біразы тек қана қағаз жүзінде қалуы басым болып отыр. Барлық маңызды құжаттарын мемлекеттік органдарда кезек күтіп, реалды түрде жүзеге асырып жүрген адамдар үшін, барлығын виртуалды компьютер әлемі арқылы іске асыру алғашында жат болуы мүмкін. Техника, жүйе адам қолымен атқарылуға тиіс қызметті дұрыс жасай ала ма және техникамен, интернет желісімен жабдықталу деңгейі қандай деген сұрақ туындайды. Осы орайда елбасының мына сөзін мысалға алуға болады: «Мен әркімнің цифрландыру мақсат емес

екенін түсінуін қалаймын, ол жаһандық бәсекелестікке әкелетін біздің абсолюттік артықшылығымызға қол жеткізудің құралы. Онсыз өзін құрметтейтін ел қалыпты өмір сүре алмайды. Бәсекелестік болмаса, біз артта қаламыз және алда келе жатқан мемлекеттердің шаңын жұтатын боламыз. Пайданың, өнімділіктің және капиталдандырудың күрт артуы – мәселе осында. Цифрлы экономика осыны береді»[7]. Жаһандық дамудан қалмау заман талабы, дегенмен осы даму көшінің артынан қалмаймыз деп осы саладағы жаңғыруды жаңғырыққа айналдырып алмау алға қойған айқын мақсат. Сол үшін халықтың көкейіндегі жоғарыдағы сұрақтарға жауап беру керек.

Қазақстандағы құқық қорғау саласындағы цифрландыру осы жылы адвокатура саласына әсер етіп отыр. Біздің қоғамдағы адвокатура саласындағы негізгі проблема адвокаттық қызметтің бір жүйеге, яғни барлығына қол жетімді ресми жүйенің жоқтығы мен олардың мемлекеттік органдармен жұмыс жасау мәселесі бөседеп тұр. Адвокаттардың дер кезінде маңызды, қажетті ақпараттарды бере ала алатын, бере алатын еркін қолжетімді кеңістігі жоқ. Бұл мәселе қазір Республикалық адвокаттар алқасы, Әділет министрлігі, Ұлттық ақпараттық технологиялар акционерлік қоғамымен «Е-адвокатура» ақпараттық жүйесін жасау қарастырылуда, оның нақты жобасы жасалуда[8]. Жүйе адвокаттарға заңды тұлғалардың, жеке тұлғалардың сот процесі кезіндегі әрекеттерімен танысуға мүмкіндік береді. Және басты артықшылығы мүдделі азамат осы жүйеге кіру арқылы өзіне қажетті заң көмегін көрсете алатын адвокатты осы жерден таңдауға, адвокат жайындағы барлық мәліметтерді алуға, пікір қалдыруға құқылы болады. Пилоттық жоба осы жылдың күзінде Астана және Алматы қалаларында жүзеге асырылмақ. Цифрландырудың заң көмегін алу, және адвокатура саласында жүзеге асу бастамасының аталған қалаларда жоғары деңгейде жүзеге асу мүмкіндігі жоғары.

Қорыта келгенде қазіргі таңда мемлекеттік органдар қызметін цифрландыру қарқынды дамып келе жатқанын көруге болады. Қолданысқа енгізіп отырған бағдарламалардың жүзеге асуын деңгейін жақсату үшін оған негізгі алғышарттарды қалыптастыру керек. Цифрландыруды мемлекет құқықтық тұрғыдан заңдар, бұйрықтар шығару арқылы реттеуге тырысуда. Құқықтық саланы цифрландырудың тиімділігін жоғарыда аталып өткен Дания, Финляндия сияқты елдердің тәжірибесінен көрдік. Қазақстан осы саланы цифрландыруда сол деңгейге жету үшін бірінші мына айтылған шараларды жүзге асыруы керек:

- Ауыл-аймақтарды түгелдей қолжетімді интернет желісімен қамту, сонда ғана халық заңдарға енгізілген өзгертулер мен толықтырулардан толық хабардар болып, құқықтық тұрғыдан белсенділігі артады, және компьютерлік технологияларды үйренуге, оларды өз мақсаттарында пайдалануға деген мүмкіндіктері болады. Мысалы, қазақстан цифрландыруды дамыту мақсатында Дания мемлекеті сияқты азаматтарды мемлекеттік органдармен тек қана интернет арқылы байланысуға міндеттей алмайды, себебі бізде ондай мемлекет ондай мүмкіндіктермен халықты әлі толық қамти алмай отыр.

- Мемлекеттік органдар қызметін цифрланған жүйе негізінде пайдаланудың артықшылықтарын, қолданудың тәртібін азаматтарға түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізу, жоғарғы оқу орындарында қосымша практика жүзінде дұрыс қолдануды үйрету.

- IT технологияларды қолдану тек мемлекеттік қызмет көрсету саласында ғана емес, қылмыспен күрес саласында да белгілі бір жүйе құру негізінде еліміздегі интернет желісі арқылы орын алып отырған қылмыстардың жолын кесу.

- Қызметтерді жүзеге асыру, қолдану жағдайында қылмыстарға жол берілмеуі үшін әр азаматтың осы жүйеге кіруге жол беретін жеке кабинеті болуға тиіс, мәліметтерінің құпиялығы сақталуға тиіс.

- Цифрландыруды отандық IT компаниялармен одақтаса отырып жасаған әлде қайда тиімді.

Бастапқы кезеңде айтылған үлкен қаржыны талап етеді, бірақ уақыт өте келе өз жемісін береді анық. Оны әлем елдері тәжірибесінен көріп отырмыз. Бәсекеге қабілетті ел болу үшін,

цифрандыру көшінен қалмау үшін мемлекеттік органдар қызметінің цифрлық жүйесін құқықтық тұрғыдан жетілдіру мәселелерін тоқтатпауымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сұңғат Әліпбай, «Егемен Қазақстан» газеті, 05.12.2017, -мақала. <https://www.egemen.kz/article/162100-tsifrandyru-turaly-ne-bilemiz>.
2. 2017 жылғы "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.
3. № исх: 827 от: 12.12.2017 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы Қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мәтіні.
4. Мазуренко А.П. Правотворческая политика и современные информационные технологии // Российский юридический журнал. 2010. № 3 С.31-33.
5. Об электроннй подписи: федералды заң РФ 06.04.2011 № 63-ФЗ // Российская газета. 2011. 8сәуір.
6. Цифрандыру мәселелері бойынша республикалық кеңес материалдары, Республикалық адвокаттар алқасының сайты.

ПРОБЛЕМЫ БЫТОВОГО НАСИЛИЯ И ГОСУДАРСТВЕННАЯ СИСТЕМА ЕЕ ПРОФИЛАКТИКИ

Сыздыкова Сажид Кайратовна

Научный руководитель: Азимова Айгуль Кайратовна, преподаватель кафедры административно-правовых дисциплин Алматинской академии МВД Республики Казахстан им. М. Есбулатова, майор полиции

В настоящее время, бытовое насилие является одной из самых острых и распространенных социальных проблем. Бытовое насилие непосредственно связано не только с разрушением семейных отношений, но в целом с утерей устоев семьи и моральных ценностей. Особо следует обратить внимание на распространенность и актуальность, так называемого бытового или семейного насилия над женщинами. Бытовое насилие является главной причиной смертности и ухудшения здоровья, вплоть до причинения инвалидности женщинам.

Брак и семья, материнство, отцовство и детство находятся под защитой государства в соответствии со статьей 27 Конституции Республики Казахстан. В последние годы в Казахстане усилили меры по профилактике бытового насилия в семье. Президент страны Н.А. Назарбаев в своем послании народу Казахстана «**Стратегия «Казахстан-2050». Новый политический курс состоявшегося государства**» отметил: «необходимо жестко бороться с бытовым насилием над женщинами». Кроме того, Глава государства поручил Министерству юстиции пересмотреть меры наказания за такие преступления как насилие над женщиной - эти меры будут более жесткими.

Серьезность проблемы бытового насилия связана не только со сложностью определения количественных показателей, значительно превосходящих официальные данные, но и ее последствиями, которые могут быть адекватно оценены лишь по истечении времени. В результате бытового насилия более слабые члены семьи становятся жертвами побоев, всевозможных издевательств и оскорблений, что увеличивает число неблагополучных семей, приводит к разводам, лишению родительских прав, росту детской преступности, суицидам, причинению вреда здоровью и моральному состоянию человека, и даже к убийствам.

Бытовое насилие является – глобальной проблемой, которая охватывает разные страны мира. Международная практика показывает, что гораздо легче отстаивать права